



# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық ағемімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Әлем жаңалықтары

Конго Демократиялық Республикасы аумағында Эбола вирусын жұқтырғандардың саны 282 адамға жетті. Ресми мәліметтерге сүйенсек, ауру ең көп таралған өңір Итури провинциясы болып отыр. Мұнда 264 жұқтыру дерегі тіркелген. Сондай-ақ Солтүстік Киву провинциясында 15, Оңтүстік Киву өңірінде 3 жағдай расталған.

## 282 адам Эбола індетін жұқтырған



Соңғы мәлімет бойынша, індеттен 42 адам көз жұмған. Алайда ДДҰ адам өлімі фактісінің бұдан да көп екенін айтып дабыл қағып отыр. Қазіргі уақытта 238 науқас ем қабылдап жатыр. Тағы екі адам дерттен айығып шыққан.

Айта кетейік, Конго билігі Эбола індетінің өршуі туралы ақпаратты алғаш 15 мамырда жариялаған болатын. Ауру көршілес Угандаға да тараған. Бұл елде 9 адамнан вирус анықталып, 1 адам қайтыс болған. Осыған байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Африкада төтенше жағдай режимін енгізді.

Нұрай БЕКМҰРАТ,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
Ж-25-3 тобының студенті

## Әлеуметтік желіге тіркелуге тыйым салынды



Малайзия билігі 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерде аккаунт ашуына тыйым салатын жаңа талаптарды енгізді. Бұл туралы елдің Байланыс және мультимедиа комиссиясы мәлімдеді. Жаңа ереже көмелетке толмағандарды интернеттегі зиянды контенттен қорғауға бағытталған. Осылайша Малайзия балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына әлеуметтік желілердің әсеріне алаңдаушылық білдіріп отырған елдердің қатарына қосылды.

1 маусымнан бастап Facebook, Instagram, TikTok және YouTube секілді платформалар жаңа пайдаланушылардың жасын мемлекеттік дерекқорлар арқылы тексеруге міндетті. Егер әлеуметтік желілер бұл талаптарды орындамаса, оларға 10 миллион ринггитке дейін (шамамен 2,5 миллион доллар) айыппұл салынуы мүмкін. Малайзияның Байланыс және мультимедиа комиссиясы бұл шара балалардың интернетке немесе технологияларға қолжетімділігін шектеу үшін енгізілмегенін атап өтті.

«Басты мақсат – көмелетке толмағандардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әлеуметтік желілердің, ата-аналар мен қамқоршылардың жауапкершілігін арттыру» делінген ресми хабарламада.

Сондай-ақ әлеуметтік желілер қолданыстағы пайдаланушылардың жасын алты ай ішінде кезең-кезеңімен тексеруден өткізуі тиіс. Соңғы жылдары Малайзияда зиянды интернет-контенттің күрт көбеюіне байланысты билік әлеуметтік желі платформаларына бақылауды күшейтіп келеді. Ел билігі ұлтаралық және дінаралық арадастық қоздыруға бағытталған материалдарға, сондай-ақ монархияны сынайтын контентке қарсы шараларды да қатаңдастырып отыр.

Айгерім АУБАКИРОВА,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
Ж-25-3 тобының студенті

## Жарылыстан кемінде 55 адам қаза тапты

Мьянманың көтерілісшілер бақылауындағы аумағында болған алапат жарылыс салдарынан кемінде 55 адам көз жұмған. Жарақат алғандар да бар. Қайғылы оқиға елдің Қытаймен шекаралас Шан штатындағы Наумхан ауданына қарасты Каунг Тат ауылында болған.

Жергілікті дереккөздердің мәліметінше, қаза тапқандардың арасында 25 әйел мен 30 ер адам бар. Аумақты бақылауда ұстап отырған Таан ұлттық азаттық армиясы (TNLA) жарылысқа кен өндіру және тас қарьерлерінде қолданылатын жарылғыш заттардың тұтануы себеп болғанын мәлімдеді. Ұйымның хабарлауынша, оқиға жексенбі күні жергілікті уақыт бойынша сағат 12:00-де болған.

TNLA таратқан мәлімдемде жарылыс салдарынан көптеген тұрғын қаза тауып, жарақат алғаны, сондай-ақ тұрғын үйлердің бүлінгені айтылған. Алайда оқиғаның нақты себептері туралы толық ақпарат берілген жоқ. Тұрғындардың айтуынша, алғашқы сәтте көпшілік мұны әуе шабуылы деп ойлаған. Қаза болғандардың арасында балалар да бар. Сонымен қатар жүздеген үйге зақым келген.

Жарылыстан кейінгі көріністі тұрғындар үрей мен қайғыға толы жағдай ретінде сипаттайды. Көбі жақындарын іздеп, ата-аналарын шақырып жылаған. Кейбір тұрғындар жарылғыш заттар сақталған нысанның тұрғын үйлерге тым жақын орналасуына қатысты жауапты органдардан түсініктеме талап етіп отыр. BBC мәліметінше, Таан ұлттық-азаттық армиясы – Мьянмадағы әскери билікке қарсы күресіп жүрген ең ықпалды этникалық қарулы топтың бірі.

Маржан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
Ж-25-3 тобының студенті

## Сараптама

# Туризм экономиканың жаңа драйверіне айнала ала ма?


Жаз келді, оқу жылы да аяқталып, арқадан жүк түскендей, ел демалыстың қамына кірісті. Бірі шетел асып, текізі жағлауын таңдаса, енді бірі туған жердің табиғатын тамашалауға ниетті. Соңғы жылдары отандық туризмге қызығушылық артып келеді. Бірақ өңірлердегі туристік ахуал мен қызмет сапасы демалушылар сұранысына қаншалықты сай? Бүгінде ел ішінде саяхаттауға сұраныс көбейгенімен, кей аймақтарда инфрақұрылым мәселесі әлі де өзекті. Жол сапасы, демалыс орындарының жағдайы мен қызмет көрсету деңгейі сын көтере ме? Әлде сала заман талабына илесе алмай отыр ма? Осы орайда біз әлемдегі және елдегі туристік ахуалды саралап, жалпы отандық туризмнің бүгінгі тынысын бағамдап көрдік.

Бұрын жұрт бар күшін тұрмысын түзеуге жұмсап, саяхаттауды кейінге қалдырса, қазір заман өзгерген. Қай мемлекетті алып қарасаңыз да, туризм ел экономикасының бір бағыты ретінде қарастырылып жүр. Ел көру, жаңа жер тану, демалысты сапалы өткізу өмір салтына айналып кетпесе де, өзгерістің лебі байқалады ма деймін.

### Турист тартудан Франция алда

Әлемдік туризм бүгінде көптеген ел экономикасының негізі тірегіне айналды. Соның айқын дәлелі – Франция. Былтыр Франция әлемдегі ең көп турист қабылдаған мемлекет атанды. Елге бір жыл ішінде 102 миллион шетелдік қонақ келген. Демек, туристік әлеуеті жылдан-жылға артып келеді. Франция Экономика министрінің мәліметінше, туристер санының көбеюі туризм саласындағы табыстың да тарихи деңгейіне жетуіне ықпал еткен. Бұл жылы туризмнен түскен кіріс 77,5 миллиард еуроны құрап, бір жыл ішінде 9 пайызға өскен.

Франция билігі туризмді экономиканың негізі драйверінің бірі ретінде қарастырады. Тіпті 2030 жылға барлық туризмнен түсетін табысты 100 миллиард еуроға жеткізу жоспары да бар. Ол үшін туристік инфрақұрылымды жетілдіру, қызмет көрсету сапасын арттыру және жаңа бағыт-



Сурет ашық дереккөзден

тарды дамыту жұмыстары қолға алынууда.

Францияға ең көп турист жіберген елдер қатарында Германия мен Бельгия алдығы орында тұр. Әр мемлекеттен 14,6 миллион адам барған. Одан кейін Ұлыбританиядан 13,1 миллион, Швейцариядан 9 миллион турист келген. Сонымен қатар АҚШ азаматтарының сапары 17 пайызға артса, Жапониядан келетін туристер саны да айтарлықтай көбейген.

Дегенмен Франция турист саны бойынша көш бастап тұрғанымен, табыс көлемі жағынан Испаниядан қалып отыр. Өткен жылы Испания 97 миллион турист қабылдап, туризмнен 105 миллиард еуро табыс тапқан. Сарапшылар мұның басты себебі туристердің елде болу уақытында екенін айтады. Францияға келген көптеген саяхатшылар бұл елді Италия, Испания немесе Грекияға өтетін транзиттік бағыт ретінде пайдаланып, қысқа мерзімге ғана аялдайды. Ал Испания туристерді ұзақ

уақытқа тұрақтатуға бейім. Соның нәтижесінде бір туристен түсетін табыс көлемі жоғары болады.

Бұл мысал әлем елдерінің туризмге жай ғана демалыс саласы ретінде емес, үлкен экономикалық мүмкіндік ретінде қарайтын көрсетеді. Қазіргі таңда шетелде туризм – мәдениетті танытатын, инвестиция тартатын, миллиондаған адамды жұмыспен қамтитын стратегиялық сала. Көптеген мемлекеттер тарихи орындарын, ұлттық құндылықтарын, табиғатын заман талабына сай насихаттап, оны табыс көзіне айналдырып отыр. Шын мәнінде, туризмді елдің имиджін қалыптастыратын маңызды құрал деп мойындайсың. Франция мен Испания тәжірибесі көрсеткендей, дұрыс жоспарланған туризм мемлекет экономикасына миллиардтаған табыс әкеледі.

Қазақстанда табиғи аймақтар, тарихи мекендер, ұлттық мәдениет жеткілікті.

Сондықтан туризмді болашақтың табысты саласы ретінде қарастыру негізсіз емес.

### Көрші елдерде көрсеткіш қандай?

Орталық Азия мемлекеттері арасында да туризм бағыты айтарлықтай жанданған. Қазақстаннан шетелге демалуға және саяхаттауға шығатын халық негізінен Түркия, БАӘ мен Мысырға жиі барады. Бұдан бөлек соңғы уақытта көршілес Ресей, сондай-ақ Азияның тропикалық бағыттары Камбоджа, Үндістан мен Таиланд қазақстандық туристер арасында үлкен сұранысқа ие бола бастапты. Бұл бағыттардың танымал болуына қолжетімді тұлғалар, жылы климат, визалық жеңілдіктер және әлеуметтік желілердегі жарнама әсер етіп отырған көрінеді.

Жалғасы 4-бетте

## Бағдарлама игілігі

Бүгінде ауданда адал еңбегімен кәсібін дөңгелентіп отырған жандар аз емес. Әсіресе отбасылық бизнеспен кірісін еселенгендер бүгінде жарқын жобасының жемісін көруде. Соның бірі – Мырзабай ахун ауылындағы Аяповтар отбасы. Олар бірнеше жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып, халықты табиғи сүт және ет өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді. Атакәсіпті табыс көзіне айналдырып қана қоймай, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған еңбекқор отбасының тыныс-тіршілігін кеше көзімізбен көріп, тілдескен едік.

Гүлжанан Ұзақбаеваның бұл шаңыраққа келін болып түскеніне 30 жылға таады. Ал мал шаруашылығымен айналысып келе жатқандарына 20 жылдан асыпты. Кейіпкеріміз алғашқы жылдары бұл істің оңай болмағанын жасаймады.

– Алғашында қиыншылықтар көп болды. Таңмен таласа оянып, барлық жұмысқа үлгеру оңай емес еді. Сүт өнімдерін дайындау, тапсырысты уақытында жеткізу, бәрі-бәрі үлкен еңбек пен түздік талап етеді. Дегенмен еңбек етуден ешқашан қашқан емеспіз. Әсіресе қыс мезгілінде біраз қиындық болып тұрады. Ол кезде таңғы 4-5-те оянамыз. Малдың жем-шөбінің суын дайындап үлгеру керек. Өйткені таңғы алтыдан кейін аяз күшейіп кетеді. Сондықтан ерте қимылдамасаң болмайды, – дейді ол.

Бұл кәсіпті бастапқыда оның енесі бастап, бүгінде сол істі Гүлжанан алай абыроймен жалғастырып келеді. Кәсіпкер отбасы 2017 жылы шаруашылықты дамыту мақсатында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 пайызбен 1,5 млн теңге несиесі алып, «Нұрасыл» шаруашылығын құрады. Қазіргі таңда олар сүт өнімдерін өндірумен айналысады. Бұған дейін шаруашылықта мал басы көп болған. Алайда жаңа үй салуына байланысты біраз

# Аяповтардың атакәсібі



малын сатуға тура келген. Десе де, соған қарамастан сүт отбасы мал шаруашылығын тоқтатпай, кәсібін жалғастырып келеді. Олар ауласындағы қораға 15 бас сауын сиырды байлаған. Таңмен таласа оянатын енегелі отбасы ең алдымен қорадағы сиырларын жайғап, саууға кіріседі. Мұнан кейін сүт өнімдерін әзірлейді. Айран пісіп, құрт қайнатып, сүт пісіретін ол өнімдерінің табиғилығына ерекше мән беретінін айтты. Сол себепті ауыл тұрғындары мен тұрақты тұтынушылары оның өнімдерін арнайы іздеп келеді екен.

– Ауылда сүт өнімдеріне сұраныс жоғары. Сондықтан тұтынушыларыма қолдан келгенше таза әрі сапалы өнім ұсынуға тырысамын. Сырларды күнделікті сауып, олардан 30 литрдей сүт алып отырымын. Жергілікті тұрғындарды сүт, айран, қатық, сары май, құртпен ірімшікпен қамтамасыз етемін. Одан бөлек көршілес ауылдар мен қаладан да арнайы тапсырыс беретін тұрақты тұтынушыларым бар. Сүт пен айран, қатықты күнделікті тапсырыс арқылы дайындап қоямын. Ал құрт пен ірімшік, сары май алдын ала тапсырыс қабылдаймын. Облыс орталығында тұрақты тұтынушыларым көбіне құрт пен ірімшік алады. Жасыратыны жоқ, кейде шаршаймын, бірақ тұтынушылардың алғысын алғанда барлығын ұмытып кетемін. Сондықтан қолымнан келгенше

ата-баба өкесінің жалғастыра беремін. «Еңбек өткеннің, еңсесі биік» демекші, қай істі де үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл кәсіп бізге атадан қалған. Осы істі жалғастырып отырғаныма қуанамын, – дейді кәсіпкер.

Кейіпкеріміздің шағын кәсібінің үздіксіз жұмыс жасауына отбасы мүшелері де белсене атсалысады. Жұбайы мен балалары қора тазалығы мен мал күтіміне көмектеседі. Тынымсыз тірлігі жемісін беріп отырғанын айтқан ол тек сиыр сауу ісімен ғана шектелмейді. Оның жолдасы Айдос Аяпов өз қаражаты есебінен жылқы бордақылау ісімен де айналысып келеді.

Атакәсіпті жанына арқау еткен бұл отбасының мақсаты айқын. Сұхбат барысында «Мал бордақылау кәсібі – ауылдағы ағайынға таптырмас тірлік» деген Айдос ағамыз жоспары орындалып жатқанын айтады. Әрине, ол үшін маңдай тер мен адал еңбек ете білу керек.

– Ауылдық жер мал шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы. Жылқыны ата-бабамыз «жесен ет, ішсең қымыз, мінесе көлік» деп жан-жақты бағалаған. Расында дәруменнің бәрі жылқы малының бойында. Оның емі талай ауруға ем. Жылқы еті иммунитетті көтеретін күшке ие. Жылқыларды бордақылап, тек демді

емес, денсаулыққа пайдалы өніммен де халықты қуантап жүрміз. Ауылда мал бордақылаумен айналысатындар баршылық. Барлығы сапаға жұмыс істейтін азаматтар, – дейді іскер азамат.

Кейіпкеріміз Айдос тұтынушылар тарапынан жылқы малының өтіне сұраныс жоғары екенін айтады. Көбіне ол той-томалақ кезінде тұтынушыларын сапалы өніммен қамтамасыз етеді. Ол тек ауыл тұрғындарымен ғана шектелмей, аудан, облыс орталығындағы тұрғындардан да жиі тапсырыс түсетінін жасырмады.

Бүгінде Аяповтар отбасының еңбегі ауыл тұрғындары арасында үлкен құрметке ие. Табиғи өнім өндіріп, адал еңбектің арқасында табысқа жетіп отырған бұл отбасы көпшілікке үлгі болып отыр. Гүлжанан алайдың еңбегі ауылдағы атакәсіптің әлі де маңызын жоғалтпағанының айқын дәлелі. Осындай еңбекқор жандар ауылдың дамуына үлес қосып, атакәсіптің өркендеуіне жол ашып келеді. Еңбекпен есейген отбасының басты мақсаты – кәсібін одан әрі кеңейтіп, кейінгі ұрпағына табыстау.

Сеедда ЖОЛАМАНОВА,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
Ж-25-5 оқу тобының студенті

Баспасөз-туры

## Жалағашта жарқын жобалар жүзеге асуда



**Жалағаш ауданында соңғы жылдары жарқын жобалар жүзеге асуда. Жолдар жөнделіп, жаңа нысандар бой көтерді. Кәсіпке бет бұрып, табыс тайқазанын арттырғандар қатары да көбейген. Осы ретте ауданда атқарылып жатқан жұмыстар, жүзеге асқан жобалармен танысу мақсатында арнайы баспасөз-туры ұйымдастырылды.**

### Жол құрылысы қарқынды

Мемлекет басшысының ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жаңғыртып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру жөніндегі тапсырмасы аясында Жалағаш ауданында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы жылдары аудан көлемінде жол сапасын жақсарту, елді мекендердің ішкі инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Өткен жылы ауданда жол жөндеу жұмыстары бойынша жалпы құны 2 млрд теңгені құрайтын 46 жоба іске асқан. Аталған жобалар аясында «Қызылорда – Жалағаш – Ақсу – Беркімбай көлпеге» аудандық маңызы бар автомобиль жолы жөнделіп, көнтегі 14 көше жаңғыртылған. Сонымен қатар Бұқарбай батыр ауылындағы 9 көше, М.Шәменов ауылындағы 2 көше, Қарақеткен және Далдабай елді мекендеріндегі 16 көше, сондай-ақ Жаңадария мен Аққыр ауылдарындағы 2 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Аймақ басшысының ауданның шеткі аймақтарында орналасқан елді мекендерді дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Жаңадария және Аққыр елді мекендеріндегі 5 көшені күрделі жөндеуден өткізуге бюджеттен 565 млн теңге бөлінген. Бұдан бөлек Ақсу ауылындағы 3 ішкі көшені жөндеуге 288 млн теңге қаржы қаралып, қазіргі таңда тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Жоғарыда аталған жобалардың жүзеге асу барысында танысу мақсатында тілшілер тобы ең алдымен кентке іргелес орналасқан Ақсу ауылына аялдады. Аядай ғана ауылда 12 ішкі көше бар, оның 6-ауы күрделі жөндеуді қажет етеді. Бұған дейін ауылға тілшілік тіршілікпен келген сайын тұрғындар тарапынан сапасы сын көтермейтін ішкі көшелерге қатысты сын-пікірлер жиі естінілген. Бүгінде жергілікті халықтың бұл талабы назарға алынып, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында М.Әуезов, Т.Қожағұлов және Ақбөгет көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары басталған.

Жалпы құны 298,5 млн теңгені құрайтын жобаның мердігері – «Р и А-Сервис ЛТД» ЖШС. Сапар барысында тілшілер тобы аталған көшелердегі жұмыс барысымен танысты. Ауыл әкімі қазіргі таңда тас төсеу жұмыстары толық аяқталып, бірнеше күнде асфальттау жұмыстары жүргізілетінін жеткізді. Бұл жұмыстар келер жылы да жалғасын таппақ, яғни М.Дәулетбеков, Ақарық, Алғабас көшелеріне алдағы жылы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Елу жылдық тарихы бар елді мекенде жыл сайын жарқын жобалар жүзеге асып, ел еңсесі тіктеліп келеді. 330 отбасы бар ауылда жергілікті халық көгілдір отынның игілігін көруде. Ауыл әкімі Марат Шілдебаевтың айтуынша, қажеттілігіне қарай мұндағы өзекті мәселелер шешімін тауып, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылууда. Мәселен, ауыл көшелеріне бағаналар мен жарық-шамдар орнатылып, көшелер абаттандырылған.

Ауылды дамыту мақсатында демеушілер есебінен атқарылып жатқан жобалар да жоқ емес. Мәселен, «Сәріке батыр» ЖШС тарапынан балалар ойын алаңының құрылысы жүргізіліп, тұрмысы төмен отбасының үйіне газ тартылған. Ал «АВ Агро Орда» ЖШС тарапынан Беркімбай көлпеге кесенесін газға қосу жұмыстары жүргізілген.

Елді мекендегі игі бастамалар мұнымен шектелмейді. Былтыр «Ақсу – Беркімбай көлпеге» аралығындағы аудандық маңызы бар кірме автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ұзындығы 2,3 шақырымды құрайтын жол «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жаңартылып, жобаға 164,4 млн теңге қаржы жұмсалған.

### Орталық халықтың қажетіне жарап тұр

Жалағаш кентінде кәсіпкерлік пен әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы маңызды жобаның бірі – «TATTI Kids» сауда, ойын-сауық орталығы. Заманауи талапқа сай салынған жаңа нысан бүгінде аудан тұрғындары үшін сауда мен демалысты қатар ұштастыратын қолайлы орталыққа айналып отыр.

Қос қабатты ғимаратта сауда нүктелерімен қатар балаларға арналған ойын алаңдары орналасқан. Орталық жыл он екі ай үздіксіз қызмет көрсетіп, бір мезетте 60 баланы қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, отбасылық демалыс мәдениетін қалыптастыруға және жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға оң әсерін тигізуде. Жеке кәсіпкер Мира Бейсембаеваның айтуынша, нысан жыл басынан бері халыққа тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

– Балаларға арналған орталық биыл қаңтар айынан бастап жұмыс жасап келеді. Мұнда қосымша фаст-фуд орталығы да бар. Күнделікті 30-40-қа жуық бала келіп, уақытының басым бөлігін осында өткізеді. Әсіресе мереке күндері келушілер саны артады. Туған күндер мен мерекелік кештерде балаларға ерекше көңіл күй сыйлауға тырысамыз. Мұнда балалар түрлі трендікті бейнероликтер түсіріп, ән айтып, би билеп, жаңа достар табады, – дейді ол.

Қазіргі таңда кәсіпкерлік нысанында 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар мектеп оқушылары да бос уақытында осында еңбек етіп, кішкентай бүгдіршілерге көмектесуде.

Айта кетейік, орталықтың құрылысы жеке кәсіпкер Айкерим Гаюпованың бастамасымен жүзеге асырылған. Жобаның жалпы құны 150 млн теңгені құрайды. Оның ішінде «Қызылорда Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС тарапынан 20 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілген.

### Балаларды спортқа шыңдайтын орталық

Жалағаш кентінде бұқаралық спортты дамыту бағытындағы тағы бір маңызды нысан тұрғындар игілігіне беріліп, бүгінде жастардың бас қосатын орталығына айналып отыр. Жоғары талапқа сай жасанды шөп төселген заманауи футбол алаңында қазіргі таңда мектеп оқушыларынан бастап ересектерге дейін тұрақты түрде жаттығып, бос уақытын тиімді өткізуде. Арнайы сағаттық жүйемен жұмыс істейтін спорт нысаны тұрғындарға қолайлы жағдай жасап қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға және

аудан спортшыларының дайындық деңгейін арттыруға оң ықпалын тигізіп келеді. Алаң иесі, жеке кәсіпкер Орынбек Балтабекұлының айтуынша, бұл жобаны жүзеге асыруға оның бала күні арманы себеп болған.

– Бұл алаңды ашуға бала күнгі арманым сеп болды. Шыны керек, біздің бала күнімізде мұндай ойын алаңдары болған жоқ. Тек мектептегі спорт залда ғана ойнайтынбыз. Қазіргі жастардың басым көпшілігі футболға қызығады. Өзімнің ұлым да осы спорт түріне жақын. Жас спортшыларды қолдап, оларды спортқа баулу мақсатында осыдан екі жыл бұрын өз қаражатымнан алаң құрылысын бастадым. Тіпті баспана салуға жинаған 67 млн қаржымды осы іске жұмсадым. Қазір күнделікті өзім де, ұлым да осында келіп футбол ойнаймыз. Жастардың басым бөлігінің бос уақыты осы жерде өтеді десем, артық емес, – дейді кәсіпкер.

Бұл нысанның ашылуы аудан жастарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беруде. Сонымен қатар мұндай бастамалар бұқаралық спортты дамытуға тың серпін беріп отыр.

Спорт – тек денсаулық кепілі ғана емес, ұлт сапасының көрсеткіші. Сондықтан ауданда бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын таба бермек.

### Құс өсіріп, табысқа көнелген

Мемлекет басшысының ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап елімізде «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылып келеді. Аталған жоба аясында Жалағаш ауданында да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бірқатар жұмыс атқарылууда.

Былтыр «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жалпы құны 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 35 жаңа жұмыс орны ашылды. Соның бірі – көт тұрғыны Ержан Құлмаханның құс шаруашылығы жобасы.

Отбасылық кәсіпке айналған жоба 2,5 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау тауып, қазіргі таңда кәсіпкер ет бағытындағы «Адлер» және жұмыртқа бағытындағы «Ломан Браун» тұқымы 200 тауық өсіруде. Іскер азаматтың айтуынша, жоба аясында шаруашылыққа қажетті құрал-жабдықтар сатып алынған.

– Жоба аясында бөлінген қаражатқа кәсіпке қажетті құрал-жабдықтар мен арнайы инкубатор құрылғыларын алдық. Атап айтқанда, су мен жем беретін құрылғылар, сондай-ақ тұтынушыларды тек жұмыртқамен ғана емес, ет өнімдерімен де қамтамасыз ету мақсатында тауықтың жүнін жұлатын арнайы құрылғы сатып алынды. Бұдан бөлек тауық санын көбейту үшін екі инкубатор алдық. Қазіргі таңда сол инкубаторлар арқылы балапан шығарып жатырмыз. Бүгінде 100-ге жуық балапан сатылып кетті. Алдағы 1-2 күнде тағы 150-ге жуық балапан шығару жоспарланып отыр. Жұмыртқа өнімдеріне күнделікті сұраныс жоғары. Тұрғындардың басым бөлігі алдын ала тапсырыс береді, – дейді ол.

Бұл бастама ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға, тұрғындардың табысын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған тиімді жобаның бірі болып отыр. Сонымен қатар мұндай кәсіп түрлері ауыл экономикасының дамуына серпін беріп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік жасауда.

Айта кетейік, биыл аталған жоба аясында 384 млн теңгені құрайтын 29 жобаны қаржы-

ландыру жоспарлануда. Биыл қаңтар, наурыз айында «Ауыл аманаты» бағдарламасының «Amanatnes.kz» цифрлық платформасына 408,5 млн теңгені құрайтын 59 жобаның құжаттары енгізілген. Оның ішінде ақпан айында 64,4 млн теңгені құрайтын 11 жоба комиссия қарауында қаралып, 47,8 млн теңгені құрайтын 7 жоба мақұлданып, қаржыландырылды, 7 жаңа жұмыс орны ашылған. Ал наурыз айында 165,4 млн теңгені құрайтын 22 жоба комиссияда қаралып, 111,9 млн теңгені құрайтын 16 жоба комиссия шешімімен мақұлданды.

### «HARVEST AGRO» агроиндустриалды кластер іске қосылды

Ауданда ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеретін ауқымды инвестициялық жоба – «HARVEST AGRO» агроиндустриалды кластерінің алғашқы кезеңі іске қосылды. Құны 37,6 млрд теңгені құрайтын бұл жоба техникалық қарасора, жүгері және соя өсіріп, қайта өңдеуге бағытталған. Жоба толық іске асқанда май оңу зауыты іске қосылып, 150 жаңа жұмыс орны ашылады.

Жоба аясында алғашқы кезеңде 8,7 мың гектар сурмалы жерге жүгері егілсе, екінші кезеңде 32 мың гектар алқаққа жүгері, соя және техникалық қарасора орналастырылады. Жаңа өндіріс орны жоғары технологиялармен жабдықталып, 140 адамды тұрақты жұмыспен қамтиды.

Қазіргі таңда инфрақұрылымдық жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Қараөзек каналынан суару арналары тартылып, 142 жаңбырлаққыш қондырғы орнатылуда. Бұл су ресурстарын тиімді пайдаланып, үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект элементтері енгізіліп, аграрлық саланы басқарудың жаңа тетіктері қолданылуда. Бұл – өңірдің аграрлық әлеуетін арттырып, өнім өндіру мен өңдеу көлемін ұлғайтуға бағытталған стратегиялық маңызы зор жоба.

### Ауызсу жүйесі жаңғыртылуда

Елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету бағытында нақты нәтижеге қол жеткізу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтан-дырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. Тілшілер тобының мұнан ері сапары Аламесек ауылдық округінде жалғасты, мұнда ауызсу жүйесін қайта жаңғырту жобасы жүзеге асырылуда.

– Аламесек елді мекенінде су қоймасы 2009 жылы салынған. Уақыт өте келе ішкі желілерінің барлығы істен шығып, жергілікті халыққа бірнеше жылдан бері су мұнарасы арқылы су беріліп келді. Былтыр ел қазынасынан ауылдың ауызсу жүйесін жаңғырту және кеңейту жұмыстарына 388,1 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме – «Бақ-Береке 2030» ЖШС. Елді мекенде ауызсуға қатысты мәселе орын алмас үшін ең алдымен көлемі 50 текше метр су мұнарасы орнатылып, жергілікті халыққа қазір осы су мұнарасы арқылы ауызсу беріліп отыр. Биыл су қоймасындағы су желілері мен 15-ке жуық құдық жаңадан ауыстырылды. Сонымен қатар 250 текше метр су қоймасының іші жөнделіп, жабындысын қайта жаңалап, жөндеуден өткізді. Қазіргі таңда «Бақ-Береке 2030» мекемесінің қызметкерлері жақсы жұмыс жасап жатыр. Барлығы тікелей өзімнің бақылауымда. Су қоймасы жөнделіп болғаннан кейін елді мекеннің ішкі су желілері жөндеуден өткізіледі. Оның ішінде 79 өрт сөндіру гидранты ауыз-

тырылып, көре құдығының қақпақтары жаңартылады, – дейді аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің басшысы Ғани Дюсеқбаев.

Айта кетейік, мұнан бөлек әрбір тұрғын үйге заманауи электрмен су есептегіш құрылғылары орнатылады. Аталған жұмыстар шілде айында толық аяқталмақ. Халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған мұндай маңызды жобалар ауданның тұрақты дамуы мен елді мекендердің әлеуетін арттыруға сеп болмақ.

Жалпы ауылда 344 отбасы, 2 мыңға жуық тұрғын бар. Соңғы екі жылда бұл елді мекенде жарқын жобалар жүзеге асқан. Мәселен, ішкі көшелердің сапасын жақсарту мақсатында 545,8 млн теңгеге 5 көше, яғни Т.Бисенбаев, Белебай би, Өмірбай шешен, Жаңажарма, Сарман батыр көшелері күрделі жөндеуден өткен. Сонымен қатар тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту мақсатында 357 млн теңгеге электр желілерінің құрылысы қарқын алған.

Демеушілер есебімен ауылда ауқымды жұмыстар жүргізілген. Мәселен, шаруашылық құрылымдарының демеушілігімен жалпы құны 9 млн теңгеге 8 көшеге, атап айтсақ, Бөлекбай би, К.Әбішев, Көкпая, Жаңажарма, Бөренбай би, Сарман батыр, Т.Бисенбаев, Өмірбай шешен көшелеріне 136 жарықшам орнатылған. «Көкетебе» ШҚ жалпы құны 5 млн теңгеге Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арнап ескерткіш орнатқан. Елі мекендегі өрт сөндіру бекеті ғимараты да демеушілер есебінен салынып, қажетті техника және арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

– Биыл алғашқы үш айда әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша аудан экономикасында ең өсім мен тұрақты даму қалыптасты. Өнеркәсіп саласында 8,3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 124,6 пайызға жетті. Әсіресе тау-кен өндірісі және өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі артты. Соңғы төрт жылда ауданда мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында 18,7 млрд теңгені құрайтын 1085 жоба қаржылай қолдау тапты. Аталған бағдарлама аясында биыл сәуірдің басында 47,8 млн теңгені құрайтын 7 жоба қаржыландырылды. Ауыл шаруашылығы саласында да өсім байқалып, 101,2 пайызға құрады. Нәтижесінде 1,6 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Биылғы ауыл шаруашылығы дақылдары 42 мың гектардан астам жерге орналастырылды. Мал шаруашылығында да оң көрсеткіштер қалыптауда. Сонымен қатар тұрғын үй құрылысы, денсаулық сақтау және құрылыс салаларында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Т.Қыстаубаев көшесі №2 мекен-жайында орналасқан қос қабатты 16 пәтерлі тұрғын үй 1981 жылы салынған. Содан бері ғимаратқа күрделі жөндеу және жөндеу жұмыстары мүлде жүргізілмеген. Салдарынан тұрғын үй 2023 жылы апаттық жағдайда деп танылып, тұрғындарды баспаналан қамтамасыз ету мақсатында бюджеттен 115 млн теңге қаржы бөлінді, – дейді аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов.

Жалпы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты қалыптасқан. Алдағы уақытта да халықтың әл-ауқатын арттыруға, инвестиция көлемін ұлғайтуға және инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады. Бүгінде әлеуметтік салада экономикалық белсенді халық саны 15 мыңнан асып, жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құрап отыр. Сондай-ақ биыл 447 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланса, алғашқы тоқсанда оның 30-ы құрылған.

Сезім НҰР



Сессия

# Үнемделген қаржы маңызды жобаларға бағытталады

Аудандық мәслихаттың кезекті 43-сессиясы өтті. Оған аудандық мәслихат депутаттарымен қатар облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Сәкен Қармыс, аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов пен Ғалымжан Рахатов, кент және ауылдық округ әкімдері, бөлім және мекеме басшылары қатысты.

Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусіновтің төрағалығымен өткен сессияда бірқатар маңызды мәселе қаралды. Атап айтқанда, 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің және кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп бекітілді. Сонымен қатар аудан бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау, сондай-ақ «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №37-2 шешіміне өзгерістер енгізу мәселелері талқыланды.

Бұған дейін аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында аудан бюджетінің атқарылуы мен 2021-2025 жылдарға арналған облыстық даму жоспарының аудан бойынша іске асырылу барысы қаралды. Бұл жөнінде аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов баяндама жасады.

Оның айтуынша, аудан бюджетінің 2025 жылға бекітілген жалпы түсімдері 9036,9 млн теңгені құраса, нақтыланған және түзілген көлемі 9094,3 млн теңге болған. Ал нақты орындалуы 9312,9 млн теңгеге жетіп, жоспар 102,4 пайызға орындалған. Жыл ішінде аудан бюджетіне аудандық мәслихат сессиясының шешімдерімен 5 мәрте нақтылау, 11 мәрте түзету енгізілген.

Салық түсімдерінің түзілетін жоспары 1809,7 млн теңге болса, нақты орындалуы 2163,3 млн теңгені құрап, жоспар артығымен орындалған. Сондай-ақ салықтық емес түсімдер бойынша да жоспар мейжесінен асыра орындалғаны айтылды.

Сессияда күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарының №1-қосымшасына сәйкес аудандар бөліміндегі нысаналы индикаторлардың орындалу барысы

қаралды. Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылға жоспарланған 9 нысаналы индикатордың 5-еуі орындалған. Сондай-ақ бір индикатор орындалмаған, ал 3 индикатордың орындалуы жалғасуда. Мұнан кейін облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Сәкен Қармыс аудандық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы баяндама жасады. Ол бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен кент, ауылдық округ әкімдеріне бюджет қаражаты мен активтерінің тиімді, атаулы және нысаналы жұмсалыуына тұрақты бақылау жүргізу қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ алдағы уақытта бақылау алуы тиіс мәселелер бойынша бірқатар ұсынысын жеткізді.

Тұрақты комиссия отырысында кент және ауылдық округ әкімдерінің бюджеттің атқарылуы жөніндегі қысқаша есептері тыңдалып, мәслихат депутаттары тарапынан ұсыныстар айтылды. Ал сессияда 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылуы туралы қорытынды баяндаманы «экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссия төрағасы Гүлзат Құрманбаева жасады. Ол бюджеттік тәртіпті нығайту, дебиторлық қарыздарды азайту және мейшікті кірістер көлемін арттыру бағытында нақты жоспар әзірлеу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар 2025 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті бекітуді ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ербол хабарлама жасады. Жиында тұрғын үй сертификатының азаматтарға ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу мақсатында облыстың жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесі екені айтылды. Бұл қолдау шарасы ҚР Ұлттық Банкі бекіткен ипо-



текалық бағдарламалар және «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы аясында жүзеге асырылады. Осы орайда «Жалағаш ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» шешім жобасы әзірленгені айтылды. Шешім жобасы қабылданған жағдайда халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігі артады. Сонымен қатар заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес 2026 жылы мұқтаж азаматтарға тұрғынжай сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарының бастапқы жарнасының бір бөлігін жабуға қаржылай көмек көрсетілмек.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұл Маратқызы хабарлама жасады. Ол жыл басынан үнемделген қаржыларды бірқатар маңызды жобаға бағыттауды ұсынды. Атап айтқанда, Бұхарбай бауры ауылдығында 11 көшеге техникалық паспорт әзірлеуге, Н.Сермаханов, Кел-мембет батыр және Ш.Уәлиханов көшелеріндегі жарықшамдарын қалпына келтіруге, Қ.Қазантаев атындағы

мәдениет үйінің қасбетіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге, ауылдық клубтарға сахналық киімдер тіктіруге, Ала-мәсек ауылдық округі теңгеміндегі бос тұрған ғимаратты сату жұмыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ кенттегі Т.Қыстаубаев көшесі №2 көпқабатты тұрғын үйінің апаттық жағдайда деп танылуына байланысты тұрғындарға баспана сатып алу қажеттігін айтты.

Сессияда депутаттар Т.Қыстаубаев көшесіндегі апаттық жағдайдағы көпқабатты үй тұрғындарына жаңа үйлердің қай аумақтан және қандай тәртіппен берілетіні, өткен жылы салынған үйлердің толық сатып алыну жағдайы, қоқыс полигонына арналған жобалық-сметалық құжаттаманың әзірленуі мен орталық алаңды абаттандыру мәселелері бойынша сауалдар жолдады. Сессия отырысында ұсынылған барлық мәселе жан-жақты қаралып, нәтижесінде шешім жобалары депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Сееда ЖОПАНОВА,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
Ж-25-5 оқу тобының студенті

## Цифрландыру — ашықтық пен қолжетімділік кепілі

Қазіргі таңда барлық салада цифрлық технологиялар кеңінен енгізілуде. Бұл үрдіс сот жүйесінде де айналдырылған. Сот қызметін цифрландыру — халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамның бірі.



Бүгінде сот жүйесінде заманауи ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылуда. Электронды сот кабинеті арқылы азаматтар талап қоюларын онлайн түрде жолдап, сот отырыстарының уақытын біліп, қажетті сот құжаттарын электронды форматта ала алады. Бұл өз кезегінде уақыты үнемдеуге және қағазбастылықты азайтуға мүмкіндік береді.

Сот процесстерін аудио-бейне жазу жүйесі арқылы тіркеу сот отырыстарының ашықтығын қамтамасыз етіп, тараптардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді. Сонымен қатар бейнеконференцбайланыс арқылы сот отырыстарын өткізу шалғай елді мекендердегі азаматтардың сотқа қатысуын жеңілдетті. Соттағы талаптың қоғалысы туралы, тараптардың сотқа өткізген құжаттары мен де жалпы іс материалдарымен де тараптар онлайн түрде таныса алады.

Цифрландыру сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге де оң әсерін тигізуде. Себебі көптеген қызмет түрі автоматтандырылып, адам факторын азайтуға мүмкіндік жасалды. Электронды құжат айналымы сот құжаттарының жедел әрі нақты орындалуын қамтамасыз етеді.

Сот саласындағы жаңашылдықтың бірі — жасанды интеллект элементтерін енгізу мәселесі. Бұл болашақта сот тәжірибесін талдау, құжаттарды жүйелеу және азаматтарға құқықтық ақпарат беруді одан әрі жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен бірге бүгінде ұялы телефонға оңай орнатып алуға болатын Қазақстан Республикасы Сот органдарының порталы жүйесі қолданысқа енгізілді. Сол порталға кіру арқылы сот жүйесіндегі жаңалықтарды, істерді тыңдау кестелерін, азаматтың өзіне қатысты жүргізіліп жатқан немесе өзі берген талабы бойынша істердің қозғалысы туралы ақпаратты, хабарландырулармен танысу, істер мен материалдарды тексеру және соттан шыққан құжаттарды айқындалған тексеру мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл — өте ыңғайлы әрі оңай жүйе.

Қорыта айтқанда, сот қызметін цифрландыру — әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің тиімді тәсілі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға қызмет ететін болады.

А.АЛТЫНБАЕВ,  
аудандық соттың  
сот әкімінің басшысы

Кеңес

# Атқарылған жұмыстар пысықталды

Аудандық мәслихаттағы «Amanat» партиясы депутаттық фракциясымен партиялық бақылау комиссиясының бірлескен отырысы өтті. Жиында Аққыр ауылында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер, денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер талқыланды. Сондай-ақ оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мен сауықтыру лагерінің жаңа маусымға дайындық мәселесі пысықталды.

Фракция отырысын Жалағаш аудандық мәслихатындағы «Amanat» партиясы фракциясының жетекшісі Гүлзат Құрманбаева жүргізді. Жиында фракция мүшелері мен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері және «Amanat» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Шоңмурынқызы арнайы қатысты.

Қазіргі таңда жергілікті тұрғындарға аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, 12 дәрігерлік емхана, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 2 медициналық бекет қызмет көрсетеді. Биыл төрт айда денсаулық сақтау саласында бірқатар маңызды көрсеткіш тіркелген, яғни емдеу мекемелеріне жүгінген тұрғындар саны артқан. Жалпы дәрігерлік қабылдауға 78 588 тұрғын келген. Бұл жергілікті халықтың денсаулығына бейжай қарамай, дер кезінде дәрігер көмегіне жүгінгенін көрсетеді.

Алғаш рет тіркелген аурушандық көрсеткіші 5 598 жағдайды құрайды. Оның ішінде ең көп кездескен сырқат түрлері бойынша тыныс алу жүйесі аурулары алдыңғы орында тұр. Аталған дертпен 1 211 науқас тіркелген. Екінші орында жүйке жүйесі аурулары бойынша 703 жағдай тіркелсе, үшінші орында ас қорыту жүйесі аурулары бойынша 545 науқас дәрігерлер көмегіне жүгінген.

Айта кетейік, бүгінде 8078 адам диспансерлік есепте тұр. Оның ішінде 1 335-17 жасқа дейінгі бала болса, 6 473-і — ересек адам. Демографиялық көрсеткіштерді тарқатсақ, жыл басынан бері ауданда 153 сәби дүниеге келген. Бір куантарлығы, ауданда 20 жылдан аса уақыттан бері ана өлімі орын алмаған. Жиында тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстанып, профилактикалық



тексерулерден уақытылы өту қажеттігін айтылды. Себебі аурудың алдын алу — денсаулық кепілі.

Айта кетейік, былтыр тамыз айында аудандық ауруханада «Үздік тәжірибелік орталық» ашылған. Орталықтың басты мақсаты — халыққа сапалы, кезексіз және қолжетімді медициналық көмек көрсету. Сондай-ақ аурудың алдын алу жұмыстарын күшейту арқылы халыққа тек ем жасап қана қоймай, түрлі тексерулерден өткізіп, сырқаттың алу болып табылады. Мұнан бөлек, орталық аясында дәрігерлер мен мейіркелер үнемі білімін жетілдіріп, тәжірибесін арттырып отырады.

Мамандар тұрғындарға салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, жасөспірімдер арасында зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында мектеп жасындағы балалар мен жастарға шылым, ішімдік, нашарлықтың зияны туралы түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді.

Алдағы уақытта ана мен бала денсаулығын қорғау жұмысын жандандырып, оларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында енгізілген «Эффективті перинаталды технологиясы» бағдарламасын әрі қарай жалғастыру жоспарда бар. Сондай-ақ сәби өлімін болдырмау мақсатында және алдын алу бағытында қысқамерзімді жоспармен жұмыс жасалады.

Мұнан бөлек жиында Аққыр ауылында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер тарқатылды. Ауылдың ішкі көшелерінің жалпы ұзындығы 5,6 шақырымды құрайды. Жалпы шалғай ауылда 6 ішкі көше бар. 2023 жылы

ауылдың ішкі жолдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 5 көшеге жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Жоба құны — 489 млн 858 мың теңге. Былтыр 182,7 млн теңге қаржы бөлініп, Н.Таспеннов және Аққыр көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын тауып, мердігер мекеме «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС елді мекендегі М.Ахметов, Ы.Ақмырзаев, Ш.Есов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген.

200-ге жуық отбасы бар ауылдың тыныс-тіршілігі мал шаруалығымен тікелей байланысты. Олар төрт түлікті түлетіп, табыс тапқазанын үлкейтуде. Аққыр ауылдық округінің бас маманы Заманбек Жақсылықтың айтуынша, шалғайдағы шағын ауыл тұрғындары мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, кәсіп ашуға машықтанған. Бүгінде елді мекенде 96 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, барлығы толық жұмыс жасап тұр.

— Ауылда шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бойынша «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері аясында 4 ауыл тұрғыны қайтарымсыз грант жеңіп алды. Мұнан бөлек 1 ауыл тұрғынының «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ арқылы 4,8 млн теңгеге жобасы қаржыландырылып, жылқы малын көбейту бағытында жұмыс жасауда. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 1 адам ауыл шаруашылығы мақсатындағы дронды (агродрон) жеңілдетілген несиеге құжаттарын өткізіп, қазіргі уақытта жұмыс істеп жатыр. Жоба құны — 10,8 млн теңге. Сонымен қатар 1 ауыл тұрғыны балық шаруашылығы бойынша құжаттарын да-



йындауда. Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орын құру жөніндегі тапсырмасына орай қазіргі таңда Аққыр ауылдық округі бойынша 7 жаңа жұмыс орыны ашылды. Кәсіпкерлікті дамытуға арналған ұлттық жоба бойынша 2 ауыл тұрғыны жастар тәжірибесінде, 2 ауыл тұрғыны «Күміс жас» жобасына, 3 ауыл тұрғыны әлеуметтік жұмыс орнына тартылып, 18 ауыл тұрғыны тұрақты жұмысқа орналасты, — дейді Заманбек Ғалымжанұлы.

Айта кетейік, ауылда 2024 жылы облыс әкімінің қолдауымен және «Қазақстан халқына» қорының қаржыландырылуымен ауыл жастарының спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасау үшін ангар типте спорт нысанының құрылысы басталып, былтыр спорт күні қарсаңында ел игіліне табысталған болатын. Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен» номинациясы аясында абаттандыру жобаларын жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 15 млн теңге, ал аудан қазынасынан 1,5 млн теңге қаралып, спорттық жаттығу алаңы салынған.

Басқосуда аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Жазира Жүргенова оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары туралы кеңінен тарқатты.

Жиын соңында көтерілген мәселелер аясында тиісті ұсыныстар айтылып, нақты міндеттер белгіленді. Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Қайрат Досымов алдағы уақытта маңызды мәселелердің орындалуына тұрақты бақылау жүргізетінін жеткізді.

Сезім НҰР

## Сақтансақ, сақтайды Жазғы сауықтыру лагерлерінде өрт қауіпсіздігін сақтайық

Жаз мезгілі — балалар үшін демалыс пен қызықты сәттік бірі. Осы кезеңде мыңдаған оқушы жазғы сауықтыру лагерлерінде тынығып, уақытын пайдалы өткізеді. Кеңілді демалыстың қауіпсіз өтуі — ең маңызды міндеттің бірі. Сондықтан жазғы лагерлердегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау ерекше бақылауда болуы тиіс.

Лагер аумағында өрттің алдын алу мақсатында кешенді қауіпсіздік шаралары ұйымдастырылады. Ғимараттардың электр желілері мен құралдарының техникалық жағдайы тексеріліп, алғашқы өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы қадағаланады. Сонымен қатар эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуы мен арнайы бағыттаушы белгілердің көрнекі жерлерге орнатылуына ерекше мән беріледі.

Балалардың қауіпсіздігіне жауапты қызметкерлер өрт туындаған жағдайда атқарылатын іс-қимыл тәртібі бойынша арнайы нұсқамадан өтеді. Лагер демалушыларына да қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер үйретіледі. Мұндай жұмыстар балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес лагер аумағында ашық от жағуға, белгіленбеген жерде қоқыс өртеуге, электр құралдарын қараусыз қалдыруға, балалардың сіркіне мен оттық пайдалануына қатаң тыйым салынады. Мамандардың айтуынша, өрт оқиғаларының басым бөлігі қауіпсіздік талаптарын сақтамаудан туындайды. Сол себепті әрбір қызметкер мен ата-ана балаларға өрттің қауіпті екенін түсіндіріп, сақтық шараларын үнемі ескертіп отыруы қажет.

Төтенше жағдай орын алған кезде уақытты жоғалтпай 101 немесе 112 нөміріне хабар беру қажет. Ең бастысы, сабыр сақтап, адамдарды қауіпсіз жерге дер кезінде эвакуациялау қажет. Балалардың алансыз демалысы мен қауіпсіз болашағы — баршамызға ортақ жауапкершілік. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау арқылы ғана жазғы демалысы қауіпсіз әрі жайлы өткізуге болады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

## Сағындық, әке, өзіңді

Зымырал жатқан уақыт деген осы, асқар тау өкпеіміз Қожамұрат Тойшыбектің ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Ардақты жанның бақиға бет түзгеннен бері де 40 күн өтті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа амал жоқ. Ендігі жерде тек өкпеімді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз.

Қожамұрат Шынтайұлы 1958 жылы 25 шілдеде Жалағаш ауданы бұрынғы Коммунизм совхозында (қазіргі М.Шәменов ауылдық округі) дүниеге келген. 1977 жылы Шымкент техникалық колледжін «Ауыл шаруашылығы бухгалтері» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Атпал азамат еңбек жолын 1978 жылы Жалағаш аудандық ақпараттық есептеу орталығында, яғни қазіргі Жалағаш аудандық статистика мекемесінде экономист болып бастаған. Атап айтқанда 43 жыл үздіксіз қызмет атқарып, мекеменің жетекші маманы ретінде 2021 жылы құрметті зейнеткерлік демалысына шыққан. Білікті маманның сападағы қажырлы еңбегі еленип, 2023 жылы «Статистика үздігі» тесбелігімен марапатталды.

Ол Жалағаш ауданының статистикасына, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне өлшеусіз үлес қосып, саналы ғұмырымен кейінгі буынға үлгі болды. Отбасында аяулы жарымен 1989 жылы шаңырақ көтеріп, 3 ұл тәрбиелеп өсірді. Ардақты азамат 2026 жылы 27 сәуірде дүниеден өтті. Әкеміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталды.

Әке жолы біздер үшін бағалы. Сағынмамыз дәл өзіңдей дананы. Әке сөзіміз алған тәлім-тәрбие. Бізге өмірде мәңгі азық болды.

2026 жылы 6 маусым сағат 12:00-де Абай көшесі №78/1 үйде Тойшыбек Қожамұрат Шынтайұлының 40 күндік асы болатынын барша ағайын-туыс, құда-жекекат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар жубайы, балалары, нөмерелері



Тың туынды

# «Сағым жылдар» – оқырман олжасы

Қарымды қаламгер Тұрақ Адисұлының «Сағым жылдар» атты жаңа кітабы оқырманға жол тартты. Бұл еңбекке саналы ғұмырын ауданның ауыл шаруашылығына, оның ішінде су шаруашылығына арнаған мұраб Жанұзақ Оспан Тәуекелұлының ғибратты, өнегелі ғұмыры, қызметі арқау болған. Сондай-ақ тың туындыда кешегі ХХ ғасырдың қиын-қыстау күндерінде ғұмыр кешкен, аға ұрпақ, әкелеріміздің қызметі мен өмір жолы қамтылған.

Сырдың бір бүйірін жайлаған, жусанының иісі мұрын жарған Жалағаш топырағы талай еңбек ерін дүниеге әкелген. Соның бірі – саналы ғұмырын су шаруашылығы саласына арнаған, ел ішінде абыройы биік Оспан Тәуекелұлы.

Өнегелі өмір иесі 1936 жылы 1 маусымда Белсенді колхозында, қазіргі М.Шәменов ауылы аумағында дүниеге келді. Ол кез – ауыл үстінен бозторғай емес, заманның зілі ұшқан уақыт. Қараша үйдің балалары таңмен таласа тұрып, тіршіліктің тауқыметін ерте сезінетін. Оспан ағай да – сол буынның өкілі. Қаракеткендегі жеті жылдық мектепте оқып жүрген кезде үлкендерге қолғабыс болып, еңбекке ерте араласты. Кейін аудан орталығындағы Сталин атындағы онжылдық мектепте білім алып, оны 1954 жылы тәмамдаған азаматтың алғашқы еңбек жолы «Ігілік» балық колхозынан басталды. Дарияның жағасында жүріп, тіршіліктің дәмін татты. Артында азаматтық борышын өтеуге аттанып, 1955-1957 жылдары Кеңес әскері қатарында болды.

Ел ішінде «су келген жерге ырыс келеді» деген сөз бар. Оспан Тәуекелұлы сол ырыстың жолын ашқан азаматтың бірі болды. Су жүйелері басқармасында су пайдалануды реттеу бөлімінің бастығы, кейін бас инженер қызметтерін атқарды. Қарамағындағылар оны біліміне қарап құрметтесе, үлкендер мінезіне қарап қадірледі.

Ол 1974 жылы Жамбыл гидромелиоративтік институтын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Білімін тереңдетіп келген соң, яғни 1975 жылы «ПМК-9» мекемесінде техникалық бөлім бастығы, үшкесті бастығы, бас инженер қызметтерін атқарды. Бір анығы, қай жерде жүрсе де, елдің игілігіне жарайтын істің ортасынан табылды.

1992 жылы Жалағаш аудандық суландыру жүйесінде су пайдалану бөлімінің бастығы болып қызмет атқарып, 1993 жылы зейнет демалысына шықты. Бірақ мұндай жаңдар еңбекпен ғана емес, өнегесімен де ел жадында қалады. Ол кісі кабинетте галстук тағып, қағаз қарап отыратын басшылардың қатарынан болған жоқ. Қарапайымдылық пен еңбекқорлықты бөрінен биік қоятын. Мұны ауылдастарының естелігінен де аңғаруға болады. Көрші тұрған Көрима ағай бірде жұбайына «Күнде ұлым Орақ балшық болып келеді» деп айтып келеді екен. Ол кезде Орақ жас маман, мастер болуы керек. Аяқсу мекемесіне енді жұмысқа тұрған шағы. Сол тұста Оспан Тәуекелұлы сол мекеменің бас инженері еді. Сонда Орақтың бар айтақын да «Оспан ағай өзі жүргенде мен қалай қарап тұрамын? Ол кісі балшыққа түссе, біз де түсеміз» депті.

Расында Оспан Тәуекелұлының табиғаты сондай еді. Елмен бірге жүріп, елмен бірге еңбек ету оның жазылмаған қағидасы болатын. Қарамағындағы адамға жоғарыдан қарамайтын. Су басында, канал қазылған жерде жұмысшылардың ортасынан табылатын.

– Екеміз де Қаракеткен стансасындағы жетіжылдық мектепте оқыдық. Ол мектептің бастауыш сыныбын бітірген жасы мен бірінші сынық бардым. Осекең Қаракеткеннен сегіз шақырымдай жердегі Байсақалдан күнде



жаюу қатынап оқыды. Бұғанасы қатпаған жас баланың оқу жылы тоғыз айда аптасына алты күн өрлі-берлі он алты шақырым жерді жеті жыл бойы жаюу жүріп өтуінің оңай болмағаны түсінікті болар. Оған қоса қолы сабақтан босаған бойда ауылдағы қамыс зауытында қызмет етті, – дейді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

Осы орайда ойға оралатын тағы бір ерекшелігі, зеректігі мен алғырлығы. Бүгінде жасы тоқсанға таяса да, сана-сыңық сергектігіне жұрт әлі күнге дейін таңырқайды. Беріге дейін маңайындағы нәмерелердің сабағына қарап, есеп шығарып отыратыны бар. Бірде үйге Құран оқытуға жиналған дастарқанда алыс ағайынның «математика» пәнінің мұғалімі болып істейтін қызы да болды. Өңгіме арасында Оспан ағай өлгі мұғалім қызға есептен сурақ қоя бастапты. Емтихан алғанда үсті-үстіне сауал жаудырады. Сонда тоқсанға келген қарияның математикадағы косинус, тангенс секілді есептерді жаңылмай айтып отырығанына отырған жұрттың бәрі таңқалған екен.

Қазіргі уақытта көп адам ұмытып қалған формулаларды Оспан Тәуекелұлы жатқа айтып, есептің шешу жолын тарқатып бергенде, әлгі мұғалім қыз-

дың өзі қайран қалған. Жас кезінде еңбектен қол үзбесе, қартайғанда да ой еңбегінен алыстамаған. Су шаруашылығында жүріп, есеппен сызбамен, өлшеммен жерді кешкен жанын ойы да ұшыр, зердісі де сергек болды.

Көз жұптырған Оспан Тәуекелұлының ғұмыры бір адамның өмірі ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі секілді. Кім ішінде жүріп су шығарған, дарияның мінезін таныған, өгінің жайын құйттеген бысынның бейнесі. Ел жұмысына келгенде алдыңғы шептен табылған азамат Ұлы Отан соғысында Жеңістің 60, 65, 70, 75 жылдығы медальдарын иеленді. Сонымен бірге «Еңбек ардагері», «Тыл ардагері» медалдарымен, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Қызылорда облысының құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

Оспан Тәуекелұлы үшін қызмет деген жай жұмыстан бөлек аманат болатын. Мұны бүгінде өзімен бір мекемеде іық тіресе еңбек еткен қызы Галия да ерекше төбіреніспен еске алады.

– Әкем үшін жауапкершілік бірінші орында тұратын. Жаз айы басталса болды, күрішке кететін судың ақпарын аламыз. Ол кезде райком, исполкомның заманы. Таңғы сағат бес жарымда тұрып, конторға барамын. Рациямен ақ-

парат аламыз. Оның бәрін тиісті мекемелерге тарату керек. Бұл науқан өзі мамыр айынан басталатын. Жаспыз ғой, кейде ұйқы қысады. Сондайда өкем «Қызым, жауапкершілікті алдың ба, оны орындау керек» деп айтып отыратын, – дейді.

Сағым жылдар... Бүгінде қайраткер тулғаны өнегелі ғұмыры сол сағымға айналған жылдардың бедеріне сайрап жатыр. Оқырманына жол тартуға әзір тұрған кітапта көйпекердің жүріп өткен өмір жолы ғана емес, тұтас дәуірдің ауамалы-төкпелі кезеңі, заманның қиылы сипаты мен уақыттың үніс шежіресі де көрініс тапқан. Кітап беттерінде өлмен беріңсе көтерген кезеңдер, даярдай тасып, толқын шақтар, аддалық, адамы былай қойғанда еңбекке адалдық өрле суреттеледі.

Иә, уақытпен санаспау, тәртіпке бағыну, тапсырылған дүниені тиянақты орындау іске мығым кісінің болмысына тараған қасиет еді. Таң бозынан тұрып, ел ырысы үшін төр төккен, еңбекті атақтан биік қойған азаматтың ғұмыры – бүгінде көңіл өнеге.

Кітаптың тілі жатық, автор өзінің көйпекері арқылы сонау қазақ халқының басына келген ашаршылық, тырнақ алынған кір іздеп, кез келгеннен «халық жауын» қолдан жасаған 1937-1938

жылдардағы репрессия зобаланы, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қасіреті, соғыстан кейінгі тұралаған шаруашылықты қалпына келтіру кезеңдерін бейнелейді. Автордың бұл еңбегі сол кезеңдердің куәсі болған аға буын үшін аса маңызды.

Аудандағы су шаруашылығының тарихын өздерінің маңдай төрімен жазған алдыңғы аға буын су мамандары Ф.К.Ефремов, Ж.Сақтағанов, С.Қалтаев, М.Ишанбеков, М.Байділдаев, С.Іскендіров, Ж.Тәнібаев, Ж.Ембергенов, Ж.Қожағелдиев, Қ.Жармаханов, Б.Ишанбеков, М.Қалыбаев, И.Жидебаев тағы басқа азаматтардың қызметі де назардан тыс қалмайды. Бүгінде дейін халыққа қызмет етіп келе жатқан қазылған каналдар, тегістелген инженерлік жүйедегі егістіктер, гидротехникалық құрылыстар, Қарақұм, Қызылқұм мал жайлымындағы қазылған құдықтар мен скважиналар осы азаматтардың еңбегінің нәтижесі деуге болады.

Кітапта ауданда атқарылған жұмыстар, игілікті істер мен қиыншылықтар қатар өрілген. Кешегі кеңестік кезең деп аталатын дәуірдегі саяси-әлеуметтік жағдай, сол кезеңнің бізге бимәлім тұстары баяндалады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, қарапайым еңбек адамының биік бітім-болмысы, оның бойындағы туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, достық, адамгершілік, ата-анаға деген адалдық көрініс тапқан.

Оқырман олжасына айналған тың туындыда ауданда еңбек еткен қанша азаматтың аттары аталады. Кітапты оқып отырып, сол дәуірде кезінде қызмет істеп, еңбек еткен әрбір адам көйпекерлермен бірге жүргендігі сезіледі. Автор көйпекерінің өмір жолын көркем шығарма дәрежесіне жеткізе баяндай отырып, ауданның кешегі ХХ ғасырдағы кеңестік кезеңнің 40-50 жылдық дәуіріндегі ауыл шаруашылығының құретамыры су шаруашылығының даму тарихын кеңінен тарқатқан. Күнді еңбек оқырманнан лайықты бағасын алады және кейінгі жастарды туған жерді сүйеге, ел үшін еңбек етуге тәрбиелей, биік арман-мұраттарға бастайды деп сенеміз.

Автордың бұл еңбегі ағамыздың ізін күйіп келіп жатқан және оның өмір жолының көптеген кезеңін күйіп қалған замандастары үшін де ерекше маңызға ие екені сөзсіз. «Сағым жылдар» атты еңбек Оспан Тәуекелұлы өмірінің ең қиын кезеңі жастық шағын одан кейінгі білім алған, белсенді еңбек еткен жылдарынан автор шынайы да көркем суреттеген. Бұл туындының бұрын жарық көріп жүрген осындай өмірбаяндық естеліктерден ерекшелігін байқау қиын емес.

Г.ЕЖАН

# Туризм экономиканың жаңа драйверіне айнала ала ма?

Азиядағы туризм саласын қарқынды дамытқан мемлекеттердің ішінде Оңтүстік Корея да бар. Бұл ел турист қабылдау көрсеткіші бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізіп келеді. Быыл қаңтар-наурыз аралығында Оңтүстік Кореяға 4,76 миллион шетелдік турист келген. Бұл өткен жылдың сәуірінен бері салыстырғанда 23 пайызға көп және ел тарихындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі саналады. Корея туризмді тек демалыс бағыты ретінде емес, мәдениет, медицина, білім және заманауи технологиямен ұштастыра дамытқан мемлекет ретінде ерекшеленеді.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы туристік байланыс айтарлықтай күшейді. Биыл Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында Қазақстанның туристік мүмкіндіктеріне арналған арнайы кездесу өтіп, еліміздің табиғаты, ұлттық мәдениеті мен туристік әлеуеті таныстырылғаны да белгілі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға Оңтүстік Кореядан шамамен 51 мың турист келген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 26 пайыз көп. Мұнан бөлек кері бағыттағы туристік ағын да артып келеді. Өткен жылы шамамен 65 мың қазақстандық Оңтүстік Кореяға сапар жасаған. Бұл көрсеткіштің 18 пайызға өсуі екі ел арасындағы туристік қызығушылықтың артып келе жатқанын аңғартады.

Орталық Азия елдерінің ішінде Қырғызстан соңғы жылдары туризмді табиғатпен, ұлттық болмыспен және көшпенді мәдениетпен ұштастыра дамытқан мемлекеттің біріне айналды. Егер кей елдер тарихи ғимараттар арқылы турист тартса, Қырғызстан тауын, көлін табыс көзіне айналдыра алды. Бүгінде өлеңнің түрлі елінен келетін саяхатшылар бұл өлке демалу үшін ғана емес, көшпенді өмірдің лебін сезіну үшін барады.

Өткен жылы Қырғызстанға 10 миллионға жуық шетелдік турист келген. Туризмнен түскен табыс 1 миллиард доллардан асты. Әсіресе Ыстықкөл аймағы ел туризмнің жүрегіне айналды. Жазғы маусымда көл жағасына 2 миллионнан аса турист жиналады. Бір кездері тек демалыс орны саналған Ыстықкөл бүгінде халықаралық деңгейдегі туристік брендке айналдып отыр. Бағамдап қарасаңыз, Қырғызстан туризмнің басты ерекшелігі, жасандылықтың аздығы. Туристерді биік ғимаратпен емес, таби-

ғилықпен қызықтырады. Мүмкін ұтқан түспен да осы болар.

Ал Әзбекстан туризмді мүлде басқа бағытта дамытты. Қырғызстан табиғат пен көшпенді өмірге сүйенсе, Әзбекстан кене шаһарлар мен тарихи мұраларды басты күшке айналдырған. Олар қасырлап бойы сақталған Шығыс рухын заманауи туризммен ұштастыра білді. Өткен жылы Әзбекстанға 10 миллионнан астам шетелдік турист келген. Бұл көрсеткіш бойынша ел Орталық Азиядағы ең ірі туристік бағыттың біріне айналды. Туризмнен түскен табыс бірнеше миллиард долларға жетті. Бұл елге барғанның сезін бақсаңыз, палауы мен базарын естисіз алдымен. Демек, ел ұлттық мәдениетті де ұмыт қалдырмаған.

**Қазақстан туризмі: өсім бар, бірақ түйткіл де аз емес**

Былыр Қазақстанға келген туристер саны 10 миллионнан асты. Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, өткен жылдың қорытындысы бойынша туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 1,3 трлн теңгеге жуықтаған. Бұл көрсеткіш Қазақстандағы туризм индустриясының экономикалық маңызды саласына айналып келе жатқанын аңғартады. Қазіргі таңда ел бойынша 328 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында Алматы облысындағы «Ой-Қарағай» тау-шаңғы кешені, Қонаев қаласындағы ASP Arena, Астанада салынып жатқан Mandarin Oriental қонақ үйі, сондай-ақ Қонаев пен Шымкент қалаларындағы ірі ойын-сауық және қонақ үй кешендері бар. Бұл жобалар елдің туристік әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өңірлердің дамуына ықпал етпек.

Соңғы уақытта шетелдік туристердің шығын көлемі де артқан. Қаңтар айында олардың Қазақстанға сапар кезінде жұмсайтын қаржысы 13,5 пайызға көбейген. Туристер қаражатты тек қонақ үй мен тамақтануға ғана емес, сауда-саттыққа, мәдени іс-шараларға және ойын-сауық қызметтеріне де белсенді жұмсауда. Қызмет көрсету көлемі бойынша Алматы қаласы көш бастап тұр. Мұнда көрсетілген қызмет көлемі 82,4 млрд теңгеге құраған. Екінші орында Астана қаласы орналасып, жалпы көлемнің 20,5 пайызына немесе 55 млрд теңгеге



Сурет ашық дереккөзден

жеткен. Үздік үштікті Ақмола облысы түйіндеп, Шүңиік-Бұрабай курорты аймағында 26,3 млрд теңгеге қызмет көрсетілген.

Дегенмен туризм саласындағы оң көрсеткіштерге қарамастан, ішкі туризм мүлдем өсіп кеткен де аз емес. Әсіресе туристер көп келетін өңірлерде инфрақұрылымның сапасы, қызмет көрсету деңгейі және инженерлік желілердің жай-күйі езекті болып отыр. Мұндай түйткілдердің бірі – Алакөл туристік аймағы. Өңірде жағалауды бекіту, электр энергиясының тұрақсыздығы, орталық көріз жүйесі мен ауыздықтың жетіспеуі демалушылар үшін қолайсыздық туғызауда. Осы мәселелерді шешу мақсатында мемлекет биыл Алакөл туристік аймағына бөлінетін қаржыны екі еседен астам арттырмақ. Жалпы көлемі 2,4 млрд теңге болатын қаражаттың 755,4 млн теңгесі аумақты қабаттандыруға, 564,3 млн теңгесі күтқару станциясына салуға, ал 257,9 млн теңгесі көшелерді жөндеуге бағытталады. Бұл шаралар өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Алайда Қазақстанның туристік әлеуеті тек табиғи байлықтармен немесе жаңа нысандар салумен өлшенбейді. Елде көрікті табиғат та, тарихи орындар да жеткілікті. Бірақ халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті туристік бағыт қалыптастыру үшін сервистің сапасын арттыру, көлік қатынасын жақсарту және туристерге қолайлы орта қалыптастыру маңызды. Демалыс көптеген қазақстандықтың демалыс үшін шетелді таңдауы қызмет көрсету деңгейі мен инфрақұрылым сапасына тікелей байланысты.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, саладағы кенжелеу табиғаттың аздығы емес, туристік өнімнің толық дайын болмауы деп түйіндейді. Ал ол үшін алдымен жоғарыда айтылған сервис реформасын қолға алу, өр өңірдің ерекшеліктерін онтайлы ұйымдастыруға маңыз берілуі керек.

**Байқоңыр мен Аралға қызығушылық артқан**

Өткен жылы Қызылорда облысына 212 мыңнан астам турист келген. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 25,4 пайыз жоғарылаған. Сонымен қатар туристерге көрсетілген қызмет көлемі 3 млрд 288 млн теңгеге жетіп, 42,8 пайызға өскен. Бұл өңірдегі туризм саласының қарқынды дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазіргі уақытта облыста туристерге қолайлы жағдай жасау бағытында ауымды жұмыстар жүргізілуде. Қайта жаңғыртылған теміржол вокзалы мен Қорқыт ата уежайында үш тілде ақпарат беретін коар кодтар мен виртуалды карталар орнатылды. Мұндай жаңашылдықтар шетелдік туристердің өңір туралы ақпаратты оңай алуына мүмкіндік беретінін алға тартсақ, бұл да туристік бағыттың жандануына сеп. Заманауи музейлер ашылып, демалыс саябақтары жаңартылуда.

Аудандардағы теміржол вокзалдары жаңғыртылып жатыр. Сонымен қатар туристік картаға енген 13 нысанда нақты жобалар қолға алынған. Жосалы кентінен Марал баба кесенесіне дейінгі 6,5 шақырым жолдың жөндеуі де туризмнің дамуына мүмкіндік берді. Қызылорда облысының туризм саласындағы ерекше бағыттың бірі – фарыш туризмі. Байқоңыр фарыш айлағына келетін туристер саны жылдан-жылға артып келеді. Осыған байланысты зымған ұшырылымын тамашалайтын туристер үшін 400 орындық киіз үй форматындағы заманауи бақылау пунктін ашылды.

Өңірдегі маңызды жобаның бірі – Арал ауданында ашылған «Геопарк Арал» жобасы. Бұл Орталық Азиядағы

алғашқы геопарк екенін ескерсек, өңірдің экологиялық ерекшеліктері болашақта халықаралық туристердің қызығушылығын арттырмайды дей алмаймыз.

Жалпы көрсеткіштерге қарағанда, өңірде туризмді дамытуға бағытталған жобалар алғашқы нәтижесін бере бастағаны байқалады. Дегенмен туризм саласында шешімін күткен мәселелер де бар. Кейбір туристік орындарда жол сапасы, қызмет көрсету деңгейі және жарнама жұмыстары әлі де жетілдіруді қажет етеді. Әлі күнге дейін туристерге арналған ақпараттық жүйелерді дамыту, халықаралық деңгейдегі сервисті күшейту – маңызды міндеттің бірі.

**Жалағаш туризмінің жаңа нүктесі**

Соңғы жылдары өңірлерде ішкі туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы бағыттағы маңызды жобаның бірі Жалағаш ауданында жүзеге асырылmaq. Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі Қаншиелі көлінің жағасында «Асар» демалыс аймағын ашу жоспары аудан тұрғындары үшін де, өңірдің туристік әлеуеті үшін де маңызды бастама саналады.

Жобаның экономикалық маңызы да жоғары. Демалыс аймағының ашылуы қызмет көрсету саласының дамуына серпін береді. Кәсіпкерлер үшін сауда орындарын ашу, қайық серуенін ұйымдастыру, қоғамдық тамақтану нысандарын іске қосу секілді жаңа мүмкіндіктер туындайды. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының табысын арттырып, жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етуі мүмкін.

Егер жоспарланған жұмыстар сапалы орындалса, Қаншиелі көлі Жалағаш ауданының туристік брендіне айналуы әбден мүмкін. Бұл тек демалыс орны ғана емес, аудан экономикасына инвестиция тартатын, халықтың әл-ауқатын арттыратын маңызды әлеуметтік жоба болмақ.

Жалпы туризм саласы – қазынаға мол табыс түсірудің де тиімді тусы. Сондықтан бұл саланы дамытуға қатысты Мемлекет басшысының әрбір тапсырмасын мұқият жүзеге асыру – ортақ міндет.

**Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ**  
**БАСЫ 1-БЕТТЕ**

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**  
**Марат АРАЛҚАБЕВ**  
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
**Бас редактор**  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Телефондар:**  
**Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
**Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында терілетіп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
**Таралымы 2983 Тапсырыс №918**